

Шектеулі нысаналы жер пайдалану құқығын (қоғамдық сервитут) белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кенті әкімінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 10 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2025 жылғы 06 мамырдағы № 9 Әуликөл ауданы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің аумағында Горький көшесі Железнодорожный тұйық көшесінің шекарасында орналасқан жалпы көлемі 0,0335 гектар жер учаскесіне "2024 жылы B2G сегметі үшін ТОВЖ құрылысы, Қостанай облысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін және телефон канализациясын төсеу және пайдалану үшін 10 жыл мерзімге шектеулі нысаналы жер пайдалану құқығы (қоғамдық сервитут) белгіленсін.

2. "Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Құсмұрын кенті әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Абжанов